«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ МАҢҒЫСТАУ
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, № 100 ғимарат
тел./факс:8 (7292) 31-90-92, 31-91-48

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, г.Актау, 23 микрорайон, дом №100,
тел./факс: 8 (7292) 31-90-92, 31-91-48

Исх 02-09/1158

14.05.2018

**«Сименс Здравоохранние» ЖШС-не**
*Алматы қаласы, Желтоқсан көш 83.*

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің, Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Маңғыстау облыстық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан № 2426310-1 «Қызмет көрсету бойынша қызметтер (техникалық) қызмет көрсету Ангиография жүйесін Артис Зее Жынысы "Сименс" 2012 ж. ш.» жұмысын сатып алу жөніндегі электронды конкурс тәсілімен өткізілген мемлекттік сатып алуына қатысты жазған 02.05.2018 жылғы №12890 санды шағымыңызға келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесімен келесідей хабарлайды:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 9-бабының 1-тармағында әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылатыны көрсетілген және осы аталған баптың 3-тармағында әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады делінген.

Сәйкесінше, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының *(бұдан әрі – Қағида)* 85-1-тармағында тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі делінген.

Бұл ретте, Заңның 2-бабының 24-тармағына сәйкес, өнім беруші - тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаны білдіретіні көрсетілген.

Камералдық бақылау барысында, ұйымдастырушының техникалық ерекшелігін зерделеу кезінде әлеуетті өнім берушілерге біліктік талаптар қойылмағаны анықталды.

Яғни, конкурсты ұйымдастырушының техникалық ерекшелігіндегі барлық талаптар қызметтерді орындау кезінде өнім берушіге көзделген талап болып табылады, бұл ретте, техникалық ерекшелікте қойылған біліктілік талаптар әлеуетті өнім берушілерге белгіленген біліктілік талабы болып есептелмейді.

06.03.2018 ЕСЭДО ГО (версия 7.18.4)

Сонымен қатар, жоғардағы аталғандардың негізінде, ұйымдастырушыға ден қою шаралары Департамент тарапынан қарастырылмайды.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізе мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

**Департамент басшысы** **С.Қасымов**

*Е. Нурманов.*
*тел: 8 7292 31-90-92.*